



# Жауапкершілік



№83 (9970)

21 қазан

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

## Үкімет

### Жаңа цифрлық жүйелер іске қосылады

Келер жылы Қазақстанда дәрі-дәрмектерді қадағалау бойынша ақпараттық жүйе мен балабақшаға кезекке тіркеудің Бірыңғай деректер базасы іске қосылады. Үкіметте өткен кеңесте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа тиісті цифрлық шешімдер таныстырылды.



Дерлік заттарды қадағалау жүйесі бірнеше мәселені бірден шешуге ықпал етеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдарда дерлік заттарды қайта жазу және өтірік есептен шығару мүмкіндігін жойып, дерлік заттардың бөлшек саудадағы бағасына, қалдықтарына және жарамдылық мерзімдеріне мониторинг жүргізеді.

Толық қадағалау мақсатында әр қорпаққа екі өлшемді бірегей Data Matrix коды қолданылады. Нәтижесінде республикадағы дерлік заттардың толық айналымын өндірілген сәттен бастап қолданысқа дейін онлайн бақылауға мүмкіндік туады.

Жүйе дерлік заттардың көлеңкелі саудасын едәуір төмендетеді және оларды орталықтандырылған сатып алуды тиімді жоспарлауға көмектеседі. Жалпы платформада дәрі-дәрмек қорын таблетка санына дейін қадағалауға болады, – деді Денсаулық сақтау вице-министрі Бейбіт Есенбаев.

Сондай-ақ ашықтықты арттыру арқылы ықтимал контрафактілік өнімдерді анықтауға, дерлік заттардың бекітілген бөлшек сауда бағаларын бақылауға мүмкіндік туады.

– Жаңа жүйе ел тұрғындарын контрафактілік өнімдерден қорғайды. Тұтынушы сатып алған дәрі-дәрмектің заңды екеніне және олардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз екеніне еш күмәнданбауына болады, – деді Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова.

Қазір жоба пилоттық режимде жүзеге асырылуда. Қадағалау жүйесін 2024 жылдың шілдесінен бастап енгізу жоспарланған.

Премьер-Министр платформаның барынша тиімді болуы және ауруханалар, емханалар, ауылдық денсаулық сақтау мекемелері мен деріханаларда қолдануға ыңғайлы болуы үшін оның барлық функционалдығын егжей-тегжейлі пысықтауды тапсырды.

Бұдан бөлек Үкімет басшысына балабақшаларға кезекке тіркеудің Бірыңғай деректер базасы таныстырылды. Ол ата-аналарға ыңғайлы болу үшін және мектепке дейінгі ұйымдарда орындарды бөлудің толық ашықтығын қамтамасыз ету үшін жасалған.

Атап айтқанда, Egov.kz мемлекеттік порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы баланы кезекке қою үшін бірден 4 балабақшаға дейін таңдап, кейін онлайн режимде берілген өтініштің мәртебесін бақылауға болады. Мекемелердің бірінде орын болған жағдайда дереу ата-анаға хабарланады. Жалпы балабақша таңдаудан бастап, келісім-шарт жасасуға дейінгі барлық рәсім электронды форматта өтеді.

Премьер-Министр бұл жүйе мектепке дейінгі ұйымдардағы қосарланған кезекті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталуы керектігін атап өтті. Аталған цифрлық шешім қазір пилоттық режимде пысықталуда. Бірыңғай деректер базасын іске қосу 2024 жылдың қаңтарына жоспарланған.

## Аймақ жаңалықтары

### Экологиялық мәселе басты назарда

Биыл аймақта қоршаған ортаны қорғау саласында 69 субъектіге бақылау шаралары ұйымдастырылған. Қоршаған ортаның ластануының 5 дерегі анықталып, қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру бойынша 5 субъектімен ремедиация бағдарламасы әзірленіп, табиғат пайдаланушылармен жалпы аумағы 2971,5 шаршы метр ластанған жер қалпына келтірілді. Бұл жөнінде облыс бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Нұрбек Садықов баяндады.

– Осы жылы «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ-мен жүзеге асырылған ғарыштық мониторинг нәтижесімен 74 рұқсатсыз қалдық орны анықталып, облысымыз Республикада алғашқылардың бірі болып, қысқа мерзімде қалдық орындарын 100% жойды. Департаменттің заңсыз қалдық орындарын болдырмау жөніндегі жұмыстардың нәтижесімен рұқсатсыз тасталған қалдықтардың орындары да жыл сайын азайып келеді. Департаменттің мемлекеттік экологиялық бақылау қызметі «Байқоңыр» кешеніндегі объектілерді де қамтиды. «Байқоңыр» кешеніндегі 9 объектіге жоспарлы тексеріс жұмыстары жүргізіліп, анықталған 5 заң бұзушылықты жою жөнінде ұйғарым берілді, – деді Нұрбек Қыдырәліұлы.

«Байқоңыр» кешеніндегі өзекті мәселе – қала және Төретам кентімен Ақай ауылдық округінің маңайындағы құрылыс қалдықтарын жою. Осы мәселе Қазақстан-Ресей арасындағы Байқоңыр кешені жөніндегі 7 үкіметаралық комиссия отырысында қаралды. Комиссия шешімімен 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы бекітіліп, 12 652,7 м3 қалдықтар жойылды.

Е.СОЗАҚБАЕВ

## Алтын дән – 2023



### Дала дарабоздары құрмет төрінде

Күні кеше Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында дәстүрлі «Алтын дән» салтанатты шарасы өтті. Облыстың 85 жылдық мерейтойымен қатар келген мерекеле облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев дала дарабоздарын марапаттап, олардың еселі еңбегін жоғары бағалады. Қамбаны астыққа толтырып, уақытпен санаспай ала жаздай егіс басында тер төккен ауыл еңбеккерлерінің адал ісі қашанда жастарға үлгі болатынын жеткізіп, құрмет көрсетті.

Салтанатты шарада алдымен аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы егіс басында еңбектеніп, қамбаны күрішке толтырған шаруалардың адал еңбегі қашанда құрметке лайық екенін айтты.

– Алты алашқа ана болған Сыр өңірінің облыс болып құрылғанына биыл 85 жыл. Қызылордалықтар бұл мерейтойға үлкен табыспен жетті. Жақында облысқа іс-сапармен келген Мемлекет басшысы аймақтың дамуына жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Нағи Лиясов ауылында өткен еңбек адамдарымен кездесуде:

– Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер ақ күршіштің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғай жүрісіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын, – деп қошемет білдірді. Президент Сыр өңірінің бренді – күршіштің көру үшін «Алтын орда» зауытында болды. Ауыл шаруашылығы тауар өндiрушiлерiнiң өнімдерімен танысып, дикандар мен шаруалардың еңбегіне табыс тіледі.

– Барша еңбек адамдарына берілген оң баға, көрсетілген құрмет, – деді аймақ басшысы.

Қазан айында өңірге іс-сапармен келген Президент бірнеше жобаны мақұлдаған болатын. Мәселен, облыс әкімі Мемлекет басшысына «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырымын I санаттағы 4 жолақты жолға ауыстыру жоспарланып отырғаны туралы мәлімет берді. Президент қазіргі жол шын мәнінде өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастау қажеттігіне назар аударды. Үкіметке мәселені шешу үшін тез арада қаржы бөлуді тапсырды. Жоба құны 1,1 трлн теңге болмақ. Бұған қоса Президентке «Қызылорда-Жезқазған» автожолын салу барысы туралы баяндаған. Қазір Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталуда.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына облыс орталығын ыстық сумен қамту мәселесі де жеткізілді. Өңір басшысы Қызылорда мен Көкшетау өңірінде ыстық су мәселесі шешілмегенін атап өтіп, оңтайлы шешу керек екеніне тоқталған. Бұл ретте Президент Үкіметке жалпы 23 млрд теңге, соның ішінде 11,5 млрд теңгені 2024 жылы, қалған 11,5 млрд теңгені 2025 жылы бөлу туралы нақты тапсырма берді.

Кешегі салтанатты жиында Нұрлыбек Машбекұлы Премьер-министр Әлихан Смайыловтың Сыр диқандарына жолдаған арнайы құттықтау хатын оқып берді. Қазір аймақтың даму көрсеткіші мақтап айтуға тұрарлық. Облыста 9 айдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 157 млрд теңгеге жетті. Ал жалпы ішкі өнімдегі осы саланың үлесі 6 пайызды құрады. Кейінгі 3 жылдың ішінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына 32 млрд 700 млн теңге инвестиция салынды. Биыл жалпы құны 7,9 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Жыл ішінде салаға 14 млрд теңге қаржылай қолдау жасалды. Оның 4 млрд 700 млн теңгесі егін шаруашылығын субсидиялауға бағытталған.

Шынында биыл су тапшылығы қат болды, оны диқан қауым жақсы біледі. Алайда мұндай кедергілерге қарамастан аймақ диқандары ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4 мың 800 гектарға ұлғайып, 193 мың 400 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде күршішті алқап – 89 мың 100 гектар. Күні кеше жиын-терім науқаны аяқталып, әр гектардан 56,5 центнерден өнім

алынды. Қамбаға 503 мың тонна астық түсті.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі отаншылдық – ең алдымен туған елінің игілігіне қызмет ету» деген еді. Осы орайда дәстүрлі мерекенің ең басты құрметі еңбек адамдарына көрсетілді. Күршішшілер, сушылар, комбайншылар, механизаторлар, диқандар, малшылар сахна төріне шығып, марапатқа ие болды.

Іс-шарада сала қызметкерлері Премьер-министрдің алғыс хатымен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Жыл қорытындысымен топ жарған озаттар түрлі номинация иеленді. Олардың қатарында жалағаштық диқандар да бар. Төрт түлік өсімнің қамтамасыз еткені және өнім өндіруде жоғары жетістіктерге жеткені үшін Арал ауданы марапатталса, «Егін шаруашылығы» номинациясында Шәлелі ауданы жеңімпаз атанды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткіше Сырдария ауданы қол жеткізді. «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясы бойынша Жаңақорған ауданы марапатталды. Бұдан соң мерекелі кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна жұлдыздары дала еңбеккерлерінің құрметіне әсем ән шырақ, мерекені думанға бөледі.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

## Еңбек адамы

### Майталман механизатор

Жаздай тынбай еңбек етіп, күршішті күтіміне басымдық берген ақуылқтардың еңбегінің жемісін көретін шақ таяды. Ауылдағы ең қарапайым да мәртебелі мамандықтың бірі – механизатор. Дала төсінде қызу еңбекпен жүретін тракторшылардың еңбегі қай кезде де үлкен құрметке лайық. Жастайынан трактор тізгіндеп, саналы ғұмырын салаға арнаған Бауыржан Смайлов егін жинау науқанын санаулы күндерден кейін қорытындылайтынын айтады.

Ел арасында еңбеккерлерімен дараланған кейіпкеріміз – ауылдағы серіктестік жұмысына серпін берген майталман мамандардың бірі де бірегей. Әкесі Қойшыбек Смайлов та бұрынғы Коммунизм совхозындағы қазір «Сәрке батыр» шаруа қожалығында 22 жыл механизатор болып қызмет еткен қарапайым шаруа адамы болған.

Жастайынан әкесіне қолғабыс ете жүріп, техникаға деген қызығушылығы артаң бала Бауыржан еңбекке бір табан жақын болып, техниканың тілін ерте меңгерді. Әке жолын жалғаған кейіпкеріміз 2003 жылдан бастап ауылда ағаларының қасында 3 жыл көмекші қызметінде жүріп, мамандықтың қыр-сырын үйренген. Салада табанды еңбек етіп жүрген білікті механизатор жұмыста жауапкершілікті бірінші орынға қояды. «Сәрке батыр» шаруа қожалығында 20 жыл бойы тынымсыз еңбек етіп жүрген майталман маман ел қамбасындағы астықты еселуге сүбелі үлес қосуда.

– Жастайынан еңбекке ерте араласып, техниканың қыр-сырына қанық болдым. «Енисей» комбайны мен тракторлардың түр-түрін жүргіздім. Қазір соңғы үлгідегі «Class 450» маркалы комбайнын айдаймын. Онымен жұмыс жасаған өте қолайлы. Ішінде барлық жағдай жасалған. Таңмен таласып

техника рәліне отырғалы кешке дейін тыным таппай шаруада боламыз. Ауылда демалатын уақыт жоқ. Егістікті қоректендіру, жер жұрту, астық жинау секілді жұмыстарды жүргіземіз. Бір жұмыс бітсе, келесісі дайын тұрады. Шаруаның бәрі уақытылы жасалуы қажет, – дейді білікті механизатор Бауыржан Смайлов.

Мамандығына адалдығы үшін шаруашылықтың тәжірибелі механизаторы жыл сайын түрлі марапаттарға ие болып, аудан әкімінің алғыс хаттарын алған. Ол 2018 жылы серіктестік ұжымында үздік атанып, бағалы сыйлықтар иеленсе, 2021 жылы шаруашылық төрағасы білікті механизатордың еңбегін ескеріп, «Нива» автокөлігінің кілтін табыстаған.

Өзі ісіне асқан жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын Бауыржанның ұжымдастарының арасында мәртебесі биік, абыройы асқақ. Отбасында жұбайы Ақтолқын екеуі 5 бала тәрбиелеп отыр. – Бізде қазір 3 комбайншы жұмыс жасайды. Оның ішінде Бауыржан туралы айтатын болсақ, ол – өз ісінің шебері. Өйткені жұмысына өте жауапкершілікпен қарайтын, техниканы жетік меңгерген озат механизатор. Еңбеккерлік, жинақылық, сеніп тапсырған техниканы ұқыпты ұстау – оның басты қасиеті. Комбайнды айдау үшін де үлкен тәжірибе мен өдіс керек. Егінді төкпей-шаппай жинап алу комбайншының шеберлігіне



байланысты. Бұл тұста Бауыржанның еңбегі зор, – дейді бас агроном Қанат Демесінов.

Иә, оның бос уақыты жоқ, себебі қазір егін жинау науқанын қорытындылайтын шақ. Алқаптан астық жиган кейіпкеріміз «ешкімге жамандық жасама, жақсылық жаса, ол еселеніп қайтады» деген қағиданы қатаң ұстанады.

Жұмысы қиын болғанымен, ол артылған сөнім үдесінен шығып келеді. Бауыржан «жұмысыңды жақсы көріп, одан ләззат алсаң, қиындықтар байқалмайды» дейді.

Мамандығы заманмен біте қайнасып, маңызын жоймайтыны анық.

– Бір жылдығын ойлаған дән егеді, мың жылдығын ойлаған ұрпағына білім нәрін егеді» деп бабаларымыз айтқандай, кез келген істе төккен тер жауапсыз, нәтижесіз қалмайды. Бастысы, адал істей білу керек, ол абыройға бөлейді. Мен балаларыма осыны үнемі айтып отырамын. Өйткені адал еңбек ешқашан құндылығын жоймайды. Мен үшін ең бастысы, ұрпағымыз ұлағатты, білімді болуы, – дейді Бәукең.

Елдің ырысы еселуде ауыл еңбеккерлері қарап қалмайды. Бүгінгі алқап басына жасаған сапарымызда осыған көзіміз жетті. Бауыржан секілді білікті мамандардың өнегелі өмір жолы ескелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

## Құтқарушылар құрметке бөленді



Бүгінде азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау, зінзалалардың қауіп-қатерін азайту мәселесі мемлекеттің басты назарында. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді. Төтенше жағдайлар саласы – үлкен жауапкершілікті талап етіп, кез келген тосын жағдайдың алдын алып, зардабын жоюда қажырлы күш жұмсайтын үлкен сала. Десе де олардың алға қойған басты міндеті халықтың тыныш өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайларға жол бермеу болып табылады. Құтқарушылар күніне орай аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов аудандық төтенше жағдайлар бөлімі ардагерлері мен қызметкерлерін қабылдап, бейбіт күннің батырларына құрмет көрсетті. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов, кент ардагерлері кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан ардагерлер мен қызметкерлерді мерекесімен құттықтап, қауіптің алдын алуда олардың еңбегін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Құтқару қызметі – өте маңызды сала. Соңғы кезде жер жүзінде төтенше оқиғалар жиілеп барады. Жұртымыз мұндай қауіп-қатерге әрдайым дайын болуы керек. Сондықтан осы салада қызмет етіп жүрген мамандардың еңбегі өзіміз үшін өте маңызды» деп атап айтқан болатын. 28 жылда аймағмызда ертеке қарсы қызмет бөлімшелері, жедел-құтқару жасағы мен апаттар медицинасы орталығының құтқарушылары жыл сайын 2 мыңнан аса авариялық-құтқару жұмысын жүргізіп, 200-ге жуық адам өмірін құтқарды. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құтқарушы мамандығын игеру кез келген адамның қолынан келе бермейді. Баршаңызды бүгінгі мерекемен құттықтаймын, өзіміз, жұртымыз қауіп-қатерден аман болсын, жұмыста абыройлы болыңыздар, сіздердің салада жасап жатқан жұмыстарыңыз кейінгі жастарға үлгі болары анық, – деді Әліби Байнахатов. Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі мен №11-ші Өрт сөндіру бөлімі азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, оның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, аудан аумағында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және төтенше жағдай аймағында халыққа көмек көрсетуді жүзеге асырып келеді. Адам баласына қауіп-қатер төнген кезде алдымен құтқарушылардың көмегіне үміт артады. Қай уақытта болсын өрт сөндірушілер мен құтқарушылар қиындыққа тап болған жандарға көмек көрсетуге дайын тұрады. Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері қашанда өз міндетін мінсіз атқарып, ел алдындағы маңызды миссиясын жалғастыра беретініне сенім мол.

Бүгінгі таңда аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде 4, аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер жұмыс жасайды. 2023 жылдың 9 айында аудан бойынша 41 төтенше жағдай орын алған. Оның ішінде 39-ы – техногенді, 2-еуі – табиғи.

Айта кетейік, елордада 3 жасар баланы құтқарып, шұғыл әрекет пен батыл қадамға барған жерлеріміз Сәбит Шонтақбаев пен Аққұм ауылында өрт шыққан үйден өзінің 1, 3, 4 жастағы бауырларын аман алып шыққан №38 орта мектептің оқушысы Бахыт Мерей нағыз батырлық пен батылдықтың шынайы үлгісін көрсеткен болатын. Бүгінде осындай азаматтарды үлгі етіп, ерлігін насихаттау маңызды. Олардың мұндай батыл қадамға баруына мақсатына үйреніскен, сала қызметкерлерінің ерлік істерінен өнеге алғанын байқаймыз.

Адам өмірінде төтенше жағдайлар кейде жиі болып жатады, оның алдын алу өте қиын. Тосыннан болған апат кезінде халыққа бірінші болып көмекке ұмтылатын төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары. Бұл іс кез келген жандың қолынан келе бермейді. Оған білім, біліктілік пен тәжірибе керек. Сондықтан сала ардагерлері мен барша аудандық төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймын, – деді аудандық мәслихат хатшысы Өмірзақ Елеусинов.

Жиында сала ардагерлері мен қызметкерлері аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Ақтоғы БҰРКІТБАЙ Махамбет Ахметов (сурет)

### Маман мерейі

«Батырлар тек соғыста танылады» деген жаңсақ пікір. Атойлап атқа қонбай да бейбіт күнде ерлік көрсетіп, адамдарды қауіптен аман алып қалу да батырлық. Ерліктің тек білекте емес, жүректе екенін көрсетіп жүрген азаматтар бар арамызда. Олар – құтқарушылар. Мамандығына деген адалдығы мен адамдықтың өр биігін танытып жүрген құтқарушы Рамазан Алмағанбетов те жұмысына жауапты.

## Өрт сөндіру – жүректілер жұмысы



Кейіпкеріміз 1981 жылы дүниеге келген. Бала кезінен көмекке дайын тұруды үйренген ізгі ниеті жауапты салада еңбек етуге алып келді. 2002 жылы төтенше жағдайлар бөлімінде өрт сөндіруші болып еңбек жолын бастаған ол өткен еңбегінің арқасында қазір бөлімше командиріне дейінгі қызметтік дәрежеге көтерілген. Еңбек жолында қиындықты да, қуанышты да көріп жүрген құтқарушы Рамазан ағамыздың басты ұстанымы – халықтың амандығы мен тыныштығын сақтау.

Қызығы мен шыңығы мол бұл қызмет үлкен жауапкершілікті пен шыдамдылықты қажет етеді. Біздің қызмет мемлекеттің ең ұлы қазынасы адам өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан біздің басты мақсатымыз халықтың амандығы болуы керек. Мән қызметтік жолымыз өрт сөндіруші болып бастадым. Өрт сөндірушінің қызыл жалынның ортасына кірген кездегі басты назары от ортасында қалған адамды құтқаруға, өртті сөндіруге ауады. Ал алауды ауыздықтау – тұтас бір команданың жұмысы. Сондай уақытта күш біріктіру ең басты қағиданы қажет етеді. Бұған қоса өрт сөндірушілерге шапшаңдық, жүректілік, қырағылық, әп-сәтте шешім қабылдай алатын тәуекелдік керек. Жауынгерлер алғашқы медициналық көмектен де хабардар болуы тиіс, сондай-ақ құтқарушылар төтенше жағдайларды жою жұмыстары кезінде психологиялық әзірлігін де жетілдіріп отырғаны дұрыс, – дейді бөлімше командирі Рамазан Алмағанбетов.

Рас, бұл қызметте асқан бір қырағылық, батырлық керек. Құтқарушылар – бүгінгі батыры. Олардың еңбектері мемлекет тарапынан да ескерісіз қалмас анық. Бүгінгі кейіпкеріміздің де алған алғыс хаттары мен төсбелгілері де жетерлік. 2018 жылы «Өртке қарсы қызметіне – 100 жыл» естелік медалмен, Еңбек етілі 10 жыл толуына орай «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі, 15 жылдық еңбек қызметі үшін II дәрежелі және 2022 жылы осы салада 20 жыл қызмет еткені үшін I дәрежелі медалдармен марапатталған.

Рамазан ағамыз 2012 жылы аудандағы «Жанася» деген кішігірім асхана өртеніп, төтенше жағдай орын алған кезде ішіндегі адамдарды құтқарып, өрттен аман алып қалған. Расында мұндай қауіпті жоюға келген құтқарушының ең бірінші мақсаты адам өмірі болса, ештеңеден тайсалмасы анық. Оқиға кезінде адамдарды құтқарғаннан соң өрттің әрі қарай өршімеуі үшін жарылғыш заттарды, газ балондарын тиісті орынға алып шыққан.

Бұл өрттің қарқыны өрне қорқынышты болды, бірақ жауапкершіліктің бәрі бізде, сондықтан кез келген нәрсеге психологиялық дайын болу керек, – дейді бейбіт күннің батыры.

Ол қайсарлықтың арқасында оқиға орнындағы адамдарды аман сыртқа алып шықты және осылайша өртті де ауыздықтаған. Кейіпкеріміздің тағы бір ауыз толтырып айтатын ерлігі Қармақшы-Жалағаш тас жолы бойында төтенше жағдай кезінде байқалды. Ресейге бара жатқан түрік азаматтары көпкінен суға батып кеткен. Көлікте 4 түрік азаматы болған. Қауіп-қатермен бетпе-бет келген батылдық пен табандылықтың арқасында батырымыз оқиға кезінде көліктің 3 азаматты құтқарып үлгерген.

Көп адамдар мамандықты таңдаған кезде оның танымалдылығы мен жалақысына мән беріп жатады. Алайда жан қалауы деген болады. Мысалы, өзгенің өмірін құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігетін мамандық түрлері болады. Міне, құтқарушы мамандығы дәл осындай мамандық деп айтар едім. Бұл жұмыста ең бастысы, адамдарға деген мейірбандық пен қалай да көмек қолын созамын деген күш алда тұрады. Бұған қоса табандылық, тәзімділік пен жинақылық деген қасиеттер де керек. Әр құтқару тобы 5 адамнан жасақталатынын ескерсек, апатты жағдайларда олардың әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі болады. Жасақтағы әр азамат біз үшін бауырдан жақын болып кетеді. Себебі біз бір-бірімізге өз өмірімізді сөніп тапсырамыз, – дейді бүгінгінің батыры Рамазан Алмағанбетов.

Жұдырықтай жүрегімен жан-жағына қуаныш сыйлап жүрген азамат осы ерлігі үшін марапат күтпейтінін де айтты қалды. Оның пайымында, елдің амандығы замандастарының тыныштығы – алғыстың ең төресі. Әркімнің қауіпсіз өмірі құтқарушылардың жұмысын жеңілдетпек. Сондықтан қай салада болсын сақтансақ, сақтайтынын қалперден шығармайық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

## «Zhas Project»: Жастарға жаңа мүмкіндік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайын жариялайтын Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту және жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына ерекше назар аударатыны белгілі. Осы ретте бірқатар жобалар қолға алынып, олардың орындалуы күн тәртібіне қойылған. Соның бірі – «Zhas Project» жобасы.



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы аясында Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ҰЕҰ-ға арналған мемлекеттік гранттар конкурсын жариялаған болатын. Осы орайда «Zhas Project» жобасының Қызылорда облысы бойынша тәлімгері Әлібек Әкімбек аудан жастарына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аталған жобаға қатысуға 18-35 жас аралығындағы жұмыссыз ретінде тіркелген жеке тұлғалар өтініш бере алады. Идеясы тың деп танылған жоба иегеріне кемінде 6 ай жұмыс

істеуге мүмкіндік беріледі, сондай-ақ 1 млн теңгеге дейін грант табыс етіледі. Сондай-ақ жоба белгілі бір кәсіппен айналысуға ғана мүмкіндік беріп қоймай, жұмыс тауып беру арқылы да әлеуметтік мәселенің шешілуіне септігін тигізеді. Шағын гранттар конкурсына өтінімдерді қабылдау 9-22 қазан аралығында жүргізіледі, – деді Әлібек Әкімбек.

Жобаның негізгі мақсаты – жастарды елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге кеңінен тарту, жұмыспен қамту, сондай-ақ әлеуметтік осал ауылдық жерде тұратын жастардың бизнес-идеяларын қолдау. Бұл жобада жұмыссыз ретінде тіркелген жастарға, аз қамтылған отбасыларда тұратын жастар мен мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналар, көпбалалы отбасылар, сондай-ақ «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иелеріне ерекше басымдық беріледі.

Сезім НҰР

### Тарту

## «Сәулелі ғұмыр» – оқырман олжасы

Кітап – адамның жан дүниесінің асыл қазынасы, рухани байлықтың өлшемі. Ол – адамзат үшін ғасырдан-ғасырға жалғасып қызмет етіп келе жатқан ғылым мен өнердің, оның ішінде сөз өнерінің туындысы, қаламгердің жемісі. Кеше аудан кітапханасы тағы бір жаңа туындымен толығып, қалың оқырманға жаңа кітап жол тартты.



Сыр өңіріне белгілі қайраткер, еңбек және тыл ардагері Мыхан Ерниязулының 130 жылдық мерейтойы қарсаңында рухына тағзым ету, елеулі еңбегін көлер ұрпаққа насихаттау мақсатында жарыққа шыққан «Сәулелі ғұмыр» атты кітабын ұрпақтары аудандық кітапханаға тарту етті. Шараға Жалағаш кент мен ауылдық округтердегі білім ошақтарының кітапханашылары қатысып, тың туынды жайында ой-пікірлерін білдірді.

қосқан үлесі туралы ауыздан-ауызға жеткен талай өңгіме бар, бұл кітап екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім «Тұғырлы тұлға» деп аталады. Онда Мыхан Ерниязулының өмірі мен кіндік қаны тамған туған жері, қым-қуыт заманда алыса, арпалыса жүріп қызмет еткен еңбек жолын XX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихи оқиғалармен байланыстырған. «Сәулелі» деп аталатын екінші бөлімде атына дақ түсірмей, еке даңқын асқақтатып, тек Сыр өңірінде ғана емес, еліміздің әр жерінде қызмет етіп жүрген алтын тамырлы Мыхан ұрпақтарының жеткен жетістіктері туралы баяндалған. Кітаптан XX ғасыр басындағы колхоздастыру қайраткері, тұтас ғұмырын

туған топырағын түлетуге, ауыл-аймаққа, туған-туысқа жақсылық жасауға арнаған өз ұрпағының көлешегі үшін тағлымды тәрбие берген ел басына күн туғанда етігімен су кеше жүріп еліне қызмет жасаған Мыхан Ерниязулының перзенттік махаббатпен іс тындырған ерлігі жазылған. Ел дамуына елеулі

еңбек сіңірген Мыхан Ерниязулының елге жасаған қызметі, игі істері ұмытылмақ емес. Өмір жолы өнегеге толы Мыхан Ерниязулының жас бұын қашанда құрметтеп, қадірлей береміз.

Сезім НҰР

## Қауіпсіздік бәрінен маңызды

Әне-міне дегенше жылу маусымы да келді. Пеш жағу кезінде өрт көбейіп, сақтық шараларын сақтамау салдарынан кейбір азаматтар қыста үйсіз қалып жатады. Осындай ауыр жайттардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет. Алайда көп жағдайда пешті қауіпсіз қолдану талаптары ескерілмей жататыны да жасырын емес.

Жылу беру маусымында тұрғын үйде орын алған өрттердің басты себебі пеш қурылысы кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамағандықтан және оны қауіпсіз пайдалану ережелерінің бузылуынан болады. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін жадыңызда сақтаған дұрыс.

Пештің қыздырылатын бөліктерінен 0,5 метрден кем қашықта киім кептіруге немесе басқа да жанғыш

бұйымдарды орналастыруға қатаң тыйым салынады. Пеш құбырларын, мұржаларын уақытылы тазалауды, жарылған сызат түскен жерлерін сылауды естен шығармаңыздар. Себебі ақаулы пештерді қолдану кезінде газбен уланудың, яғни иіс тиюдің қаупі артады. Жоғары таңда көгілдір отынды пайдаланушылар күн санап артуда. Осы орайда газды қауіпсіз пайдалану ережелерін басты назарда ұстап, рұқсат қағазы бар арнайы мамандардың ғана көмегіне жүгініп, сертификатталған газбен жылыту құрылғыларын ғана пайдаланған абзал.

Қолдан бейімделіп құрастырылған газбен қыздыру құрылғыларын пайдалануға қатаң тыйым салынады. Себебі газдың шығып кетуі адам ағзасын

улау және жойқын жарылыс жасап, арты үлкен шығынды өртеу ұсынып, адам өміріне қауіп төндіретінін естен шығармайық. Сондықтан баспанамыздың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамай, өрт қауіпсіздігі талаптары мен газды қауіпсіз пайдалану ережелерін қатаң сақтайық.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді ескере отырып, сіз жазатайым оқиғаның және қайғылы жағдайдың алдын аласыз. Кез келген төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 телефонна хабарласыңыздар. Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінде 31-2-07 телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

# Хан Кенеге серік болған Бұқарбай батыр

**Ел тарихындағы азаттық күресінде қазақ батырларының ерлік жолы жыр-дастанға айналып, хатқа түсіп, бүгінге жетті. Соның ішінде халықтың мұң-мұқтажын саралап, елдікке ұмсынған ұлы тұлға Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының орны ерек. Аталған қозғалысқа қазақ даласының түкпір-түкпірінен қолдаушылар, мүдделестер күш беріп, демеуге тырысқанын білеміз.**



Бұл аралықта Кенесарының қайсарлығымен дараланған қазақ батырлары қолдағаны тарихтан белгілі. Қазақтың соңғы ханының сөзіндей серігі ері қол бастар батыры болған тарихи тұлғаның бірі – Бұқарбай Естекбайұлы. Қаһарлы батыр Кенесарының ең жақын серіктерінің біріне айналған.

Атақты Бұқарбай батыр 1812 жылы қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданының маңында дүниеге келген. Зерттеушілер батырдың ата-бабасының қонысы Сырдария өңірінің Шортан келінің маңында деп көрсетеді. Себебі аталған өңірде Бұқарбай қыстағы, Бұқарбай қорымы, Бұқарбай арығы деген жер-су атаулары көп кездеседі.

Жиырма бес жасынан бастап Кенесарының сарбазы болған Бұқарбай 1847 жылға дейін осы қозғалыстың басты батырларының бірі атанды. Батыр алғаш рет 1838 жылдың тамызында Ақмола бекінісін алуға қатысып, он жылға жуық жорық өмірі басталады. Тәуелсіздік үшін жан алысып, жан беріскен батыр болмысы «Кенесары-Наурызбай» дастанында көркем суреттелген.

Нысанбай жырау қас қағарманның халқы үшін басын хатерге тігіп, жан аямай күрескен болмысын ашу мақсатында былайша толғады: «Мылтықтың оғы от алмас, Құлақта дәрі тұтанбай. Ақ кіреуке, көксауыт. Таза жүрсе, тот алмай. Мылтықтың оғын жібермес, Шығыршығы жұқармай. Жаман жігіт тозады, Жауды көрсе қотанды. Атақты ердің бірі едің, Иісің шыққан жұпардай. Аянай бүгін іс көрсет, Табыннан қабан Бұқарбай!» – деп кесіледі жырау.

Бұқарбай батыр патша үкіметінің 500 жазалаушы отрядымен болған ұрыста алғаш кезге түсіп, найзагер шебер екенін танытады. Майданда серігі Ағыбай, Наурызбай үшеуі шағын үш жүздей әскермен жазалаушы әскерді талқандап, көптеген қару-жарақты қолға түсірген. Осындай айтулы жеңістен соң Бұқарбай батырға мың басылық атақ берілді.

Кенесары хан бас айналырар жеңістен кейін Ақмола бекінісін алуы жоспарлайды. Ақмола бекінісіндегі әскербасы Қарбышевтың гарнизонын талқандауға Басығара, Есен батырлар мен Бұқарбай бастаған мыңдық атсалысады. Таң қылаң берген сәтте қақтығыс бастау алып, қазақ мөргендері отты жебелерді пайдаланып, қамалға ерп қояды. Алайда шайқас кезінде алғаш болып тура шабуылға көшкен Басығара батыр қаза табады. Батырдың қазасынан кейін жау қолына төтел бере алмаған сарбаздар кері шегінуге мәжбүр болады.

Осы кезде Басығара батырдың сүйегін жау қолында қалдырмауды талап еткен Кенесары шешуші шабуылды күткен Бұқарбай жасағына шабуылдауға бұйрық береді. Қалың әскермен қатарласып жауға шабуылдаған жас Бұқарбай батыр атының үстінде түрегеліп, бой көрсетіп, басқалардан атан бойы алда, ерекше кезге түсіп келе жатқан екен. Сөйтіп Ақмола бекінісіне шабуыл сәтті аяқталады. Тарихтан белгілі болғандай, оқиғадан кейін аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдайменді мен әскербасы Қарбышев аз ғана отрядымен жан сауғалап, өрең дегенде қашып құтылады.

«Кенесары-Саржан» поэмасында бекіністе ерен ерлік танытқан Бұқарбай батыр жайында былай баяндалған: «Екі жүздей күрөңді, Жалғыз қырып Бұқарбай. Қатарынан бір асқан, Айнала шауып өкі күң. Ақмола үстін шаңдатты, Қағындысын қаққандай, Босағасын қандатты. Елін шауып, ерін өлтіріп Шулыған қылып зарлатты. Бастығы еді Қарбышев, Қорыққаннан бас иді...» – деп жырланған.

Мұндай аңыз-әңгіме, жыр-дастандардан бөлек Бұқарбай батырдың Ақмола бекінісін алудағы жауынгерлік қабілеті мен ерлігін паш ететін өзге де деректер жеткілікті. Соның бірі – Бұқарбай батырдың Созақ майданына қатысуы. Созақ қамалы үшін өткен кескілескен ұрыста Бұқарбай жасағымен бірнеше рет шабуылға шығып, жауды ойсырата талқандайды. 12 күнге созылған майданның нәтижесінде Созақты алады. Артына Сауранды ауданда Кеңесарының әскерінің қатары артып, Қоқан хандығына қарсы қан-қолтық ұрыс жүргізіп, жеңіске қол жеткізген.

1847 жылы Майтөбе деген жерде Кенесары хан қырғыз манаптары жасағымен ақырғы шайқасын өткізгені баршаға аян. Сол майданда қоршауға алынған Кенесары хан қаруластарымен қақпаннан шығудың амалын кеңесіп, соңында ақтық күреске көшуге ұйғарады. Осылайша Хан Кененің айналасындағы сардарлары мен батырлары иық тіресіп, шайқаса кеткен. Сол күнгі кезіс батырлығымен жау алдында қасқайып ерлік көрсеткен жауынгерлер қатарында қаһарман батыр Бұқарбай бабамыздың да болғаны белгілі.

«Кенесары-Наурызбай» жырында бұл маңызды сәт былайша бейнеленіпті: «Наурызбайдың сөзіне, Батырлары шыдамай, Хан қасына ұмтылды. Мөңдібай, Дулат, Ағыбай, Аргыннан шыққан үш жігіт – Шәкір, Жәуке, Толыбай. Олардан кейін қала ма, Табыннан қабан Бұқарбай?» – деп жырланады.

Батыр жауына сілтеген шоқпардай мінезді болғанымен, халқына қорған бола білген жомарт жүрек егесі болғанға ұқсайды. Әлсізге қорған, мұқтажға пана болып, жан-жағына әділдік таразысымен өлшеуге күш салады. Бұған тек қазақ арасындағы аңыз еңгімесімен қатар орыс зерттеушілерінің еңбегі дәлел болады. XIX ғасырда өмір сүрген орыс оқымыстысы А.Г.Р. Бұқарбай батыр туралы былайша еңгімелейді:

«1850 жылы Қоқан хандығының билеушілері қазақ халқын Жаңадария езені бойынан біржолата көшіріп, бостыру мақсатында Жаңадария бойындағы «Қара бөгет» деген жерден суды байлап тастап, төменгі жаққа жібермей қояды. Жаңадария бойындағы мыңдаған қолмен жасалған егіншілік жерлер құлазыған шөлге айналды, ел тіршілігі тығырыққа тірелді. Бірақ қазақтан шыққан Бұқарбай батыр 1852 жылы 2000-нан астам жергілікті халықтан қол жинап, қоқандықтарға қарсы шығады, сөйтіп Қарабөгетті буады. Сол уақыттан бастап Сыр суы қайтадан Жаңадария бойымен аққан, одан Қуандария нәр алған. Сөйтіп Сыр-Қуаныш арасы қайтадан ел қонысына айналған» дейді.

Міне, Бұқарбай тек батыр болып қоймаған, кедей шаруа батырақтарды ұйымдастырып, егін өктіріп, мал бақтырған, шаруашылыққа икемді адам болған. Тіпті 1840 жылдары ұзындығы 25-30 шаршы метр, тереңдігі 6-7 метрлік арық қаздырып, келелі іске ұйытқы болған. Кейіннен халық оған «Бұқарбайдың ақ арығы» деген атау беріп, сол арықты бүгінге дейін Сыр өңіріндегі шаруашылықтар пайдаланып келеді. Сонымен қатар Бұқарбай батыр шешендігімен де танылып, алқа топта қадір-қасиетке ие болыпты. Өткір тіл, тапқыр ойлы батыр көптеген дауларға қатысып, әділетті шешім шығаруға септігін тигізген екен.

Қазақтың айтулы батыры, біртуар перзенті Бұқарбай Естекбайұлы 1898 жылы Қараөзек бойындағы өз кыстауында дүние салады. Денесі кыстауынан үш шақырымдай жердегі биік төбеге жерленіп, кейін бұл жер «Бұқарбай қорымы» аталып кеткен.

Бұқарбай батырдың өмірлік серігі Шынар аңызды да тарихқа аты қалған жан. Осы ретте зерттеуші Тынышбек Дайрабайдың «Шынар десе Шынар болыпты...» деген мақаласын бергенді жөн көріп отырмыз. Сыр елінде Бұқарбай батырдың есімімен қатар Шынар аныңты аты қоса аталып, біраз өңгімелерге арқау болады. Наурыз Жаппастан тараған Арқай бидің баласы Өтебастан Толыбай мен Шынар туады. Ол жасынан қонақ күтіп, елдің салт-дәстүрін мол хабардар болып өседі. Оны ел аузындағы аңызға айналған өңгімелердің өзі-ақ аңғартады. Солардың бірінде Арқадан келген Шұбыртпалы Ағыбай, хан тұқымы Наурызбай және сырбойлық Бұқарбай батырлар кездесіп, қыз хақында сөз қағысуы, үшеуіне де Шынар қыздың берген жауабы да әртүрлі айтылып жүр. Дегенмен бәрінің мазмұн-мәні батырлардың Шынар қызға сөз салуы болып табылады. Сонда Бұқарбай батыр оларға қарап тұрып:

Қастасқан жауға қадалдым, Қадалған жерден қан алдым. Қан алмадым, жан алдым, Шынар қызды өңдеше, Сөңдер емес, мен алдым! – деп дауды бір-ақ шешкен деседі. Ақылына көркі сай, Шынар қызбен Бұқарбай батыр қосылып, Көтбар, Алданазар, Зылиха атты үш перзентті болыпты. Қастасып жүрген бір батыр «Бұқарбай ауылында жоқ» дегенді естіп, «ауылды шауып, Шынарды байлап әкеліндер» деп жігіттеріне

тапсырма беріпті. Күйеуін күтіп жол қарап тұрғанда Күміс асардың арқа бетінен шаң көрінеді. Бұлардың жау екенін біліп, ауылға қарай шабады.

«Кім едіңдер» дегенде олар «бізге Бұқарбайдың жары Шынар керек» депті. Сонда Шынар ана, «мен» деп оларға қарсы беттейді. Аяқ-қолы байлаудағы Шынар ана:

Көбігі көкке шашылған, Көлдерім саған не жазды? Тыныштыққа бөленген, Түңдерім саған не жазды, – деп зарлапты.

Қарсыласқан Шынарды найзамен түірел тастайды. Өлім мен өмірдің ортасында жатқан Шынарды жау жағы көлге апарып тастап кетеді. Біраз уақыттан кейін есін жиып, жағаға шығып, үйіне қарай жылжи отырып, балаларының атын атап шақырып, қайтыс болған деседі.

Көл жағасында өмірден өткен Шынар аңаны арлап осы көл жағасына жерлейді. Міне, содан бері көл «Шынар көлі» деп аталатын. Бұқарбай батыр ұрпақтарының бірі, көне сөздерді көп білетін, әрі айтқыз Сейітнәби Мұқашев 1964-1965 жылдарда айтты, оның еңгімесінен ақын Асқар Тоқмағамбетов «Шынар туралы шындық» атты поэманы жазып, Шынар анаға өлеңмен ескерткіш орнатты. Асқеннен кейін ақындар Сейітмұрат Ембергенов, Рахмет Батырбаев, Елена Әбдіхалықова тағы басқалар Шынар Өтебасқызына арнап, жыр-толғауларын жазды.

Аңыз өңгімесінің екінші бір нұсқасында Арқай баба ұрпақтарының айтуынша оқиға былайша өрбіген.

Бірде Арқай ауылы Арысқұмды жайлап отырғанда жау шауып кетеді. Бекболаттың жас кезі болса керек, оны ұрып-соғып байлап кетіпті де Шынарды атқа өңгеріп, алып кетіпті. Бұл кезде Толбай мен Бұқарбай көрші ауылда жүр екен. Олар естісімен жауды өкшелеп куа жөнелді. Шынарды түйенің үстінде екі жігіт ұстап отыр екен. Әйел зарын естіген Бұқарбай ақырып жібергенде батырдың дауысынан Шынар қуат алады, екі жігітті құлата түйеден домалап түседі. Жауларын жеңіп, Бұқарбай Шынарды құтқарған екен.

Үшінші бір өңгімелерінде Шынар келіншектің ақылдылығы арқасында орыс әскерінің шабуылынан Бұқарбай ауылы аман қалған деседі. Расында да осы оқиға былайша басталыпты. Бірде табын руының ауылдары Қарақұм, Арысқұмға қарай көш бастап алдағы жерге тоқтар алдында Шынар ана:

«... Батырым, жолы да, жасы да үлкен Байқадам ауылының көші алдымен қоныс. Біздер бір көш ілгері барып қонайық» деп алдағы жайылымға қоныпты. Алдын ала Бұқарбайға тісі бар көрші рулардың адамдары «Бұқарбайдың ауылы» деп Байқадам бидің ауылын шауыпты. Әскери старшын Лебедевке Орынбор генерал-губернаторы Байқадам бидің ауылын шапқаны үшін сотқа беріледі: Е.Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабының 269 бетінде. Демек, ауыша өңгімелерде айтылған оқиғалар, архив деректерімен ұштасып жатыр. Сөйтіп Шынар ана ауылын шабуылдан сақтап қалғаны шындыққа саяды.

Үшінші аңыз-өңгіменің жалғасында Сыр елінің көрнекті азаматы Мөрелі Шамоновтің 1964 жылы халық азушысы, ақын Әбділда Тажібәевке жазушы өңгімелерінде Шынар ана жайлы, оның мұнара белгісі жайлы да айтылыпты.

Қарап отырсам, 3-4 аңызға бергісіз өңгімелерде тарих жатыр. Тарихпен бірге Шынар аныңты ақылдылығы, сұңғыла болғаны сезіліп-ақ тұр.

Шынар қайтыс болғанда Табын Бозжан би Бұқарбайға көңіл айтқаны: ... Әйел – үйдің туы, ерлердің нағыз жақыны,

«Қатын өлді, қамшының сабы сынды», – деген бұрынғының нақылы. Бір-біреге сүйіп қосылған қымбатты зайыбың еді-ау.

Шынарын қайырлы болсын ақыры», – деп көңіл қосын білдірген екен. Сөйтіп бұрынғы «Іркөл» атауы Шынар көл деп аталыпты. 30 жасқа жетпесе де оның артында аңызға бергісіз жақсы өңгімелер қалған. Оның ұрпақтары

XIX ғасырдың ортасына таман көл басындағы Шынар қабіріне мұнара ескерткіш тұрғызылған. Бірақ ол уақыт мезгіліне шыдамай құлап қалады. Бұқарбай Естекбайұлының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында Шынар ұрпақтары бас болып, Шынар анаға ескерткіш белгісін қайта қойды. Мұны Шынар анаға деген бүгінгі ұрпақтың құрметі деп білдік.

Енді ел ризығына айналған Шынар көлі туралы деректерді сөйлетіп көрейің. Шынар көлі жайлы сөздер Сыр елінен асып, біраз жерлерге жайылған. Оны «Советская степь» газетінің 1927 жылдың 13 қаңтарындағы «Спорт о Шнар-Куль» атты мақалада: «Шнар-Куль», или «озеро-лучше не надо» – болса десетқа лет принадлежало аулу «Тридцать три: Шестьдесят килоот кормиль рыбой Шнар-Куль, десятики чигирей послали воду на огорода аула».

Газет осылай деп жаза отырып, оның жаңа егесі барын біліпті. Баеке Еспаев бас салып біліпті де ізденіпті. Бірақ уездік комиссия бірнеше рет қарап, сөзбебі оның жаңғыруына ауылдағы Тіпті «Правда» газетіне «Чинар-куль» атты мақала да басылғанды. Қараөзек болысының №33 ауылының 56 адамы арыз жазып, Шынаркөлді өздері қазып пайдаланғанын жазды. Осылайша Қызылорда уездік атқару комитетімен арада келіспеушіліктер орын алып, ол туралы «Правда» газетінде, «Советская степь» газеті де Шынаркөл туралы жазған.

Аталған мақалада Қызылорда уездік атқару комитеті Қараөзек болысының №33 ауылдың тұрғындары «Шынар көлді өз пайдасына тартып алды» деп айыптады. Негізінде ол көлді ауылдың адамдары оны тегін пайдалануы керек, сөзбебі оның жаңғыруына ауылдың адамдары еңбек сіңірген, ал суын егін оқи келерлерді суаруына арналған. Осы көлді мүгедектер кооперативіне заңсыз жалға берілген. Осыған орай №33 ауылдың 56 азаматының атынан Баеке Еспаев ауылға көлді толық пайдалануға беруді сұрап арыз түсірген. Алайда Қызылорда уездік комитетінің 1926 жылдың 10 қазанындағы отырысымен көлді табиғи деп шешім қабылдаған.

Шынар көлінің табиғи болғандығын М.З.Покровскийдің, профессор Бергтің еңбектерінде атап еткендігін алға тартады. Аталған 168 түйіннің иелеріне жөнә 56 азаматқа «Қосшы» одағы тарапынан жеңілдіктер қарастырылған. Бұл жөнінде Қызылорда уездік комитетінің төрағасы Ахметжанов қол қойған.

Сонымен өлкелік «Советская степь» пен «Правда» газеттерінде Шынар көл туралы жазылған мақалалардан Шынар көлінің пайда болғанына бірнеше онжылдық өткенін білдік. Демек Шынар ана атындағы көлдің тарихы да тереңде.

Жоғарыда жазылғандай, ақын Асқар Тоқмағамбетов «Шындық туралы шындық» дастанында (1975ж.) Асқен Шынардың тал бойын сипаттайды. Жалаулы найза қолға алып, Ал жылпандай толғанбып, Шауып шықты Шынар қыз. Ыза мен кекке доландып, Найзасын бөгеп қыз түрді. Шынарды жау көп түйреді, Аппақ етін қан етті, – дей келе аның көлге лақтырылғанын жырға қосқан. Сол уақыттан бері 150 жылдан астам уақыт өтсе де Шынаркөл мемуңдалап тұр.

Атақты ақын А.Тоқмағамбетов дастанының соңында: Өлмейтін қызға ескерткіш ел жасапты, Біз тұрдық сол Шынардың моласында. Әдемі-ақ болу керек о басында, Бұл кезде бәрі құлап, жер боп қапты. Жалағаш, Сырдың сұлу жағасында, Бұл күнде Шынар көлдің жағасында батыр анаға арналған ескерткіш Шынар аңаны еске алып тұрғандай сезіледі.

Шынар ана жайлы жазуыма себепкер «Советская степь» газетіндегі «Спорт о Шнар-Куль» атты мақала болды. Осылайша Өтебасқызы Шынар туралы ой қозғадым, – дейді жазушы Т.Дайрабай.

Бұқарбайдай тау тұлғалы ер – бар Алаштың ортақ батыры дәрежесіне көтерілген қаһарман. Олай дейтінміз, халық үшін қан көшіп, жерін жаудан қорғауға барып салған ер елдіктің орнауын, азаттықтың ақ туы көтерілуін тілеген еді. Батырдың майдандағы ерлігі, халқына қорған болған ерекеті ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып, келешекке жетері ақиқат.

**А.БЕК,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қашаннан қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болып табылады. Ал қазіргі таңда бұл өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп батыр Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтесе, одан ешкім де ұтылмайды. Ауданда жасөспірімдер арасында әкімшілік-құқық бұзушылықтың алды алуға арналған жиында осы мәселелер қаралды.

## Қауіптің алдын алған тиімді



Аудандық соттың төрағасы А.Мизанбаев, аудандық полиция бөлімінің жеке құрам үшкөлік инспекторларының қатысуымен өткен семинарда жаңа редакцияда қолданысқа енгізілген жол жүрісі қағидалары да назардан тыс қалмады. Семинардың басты мақсаты – жасөспірімдер арасында электросамокат және мопедтер арқылы жасалатын әкімшілік-құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Қазіргі уақытта жол қозғалысына қатысушылар саны күн сайын артып келеді. Бұрын қозғалыс қатысушылары автокөлік жүргізушілері мен жау жүргіншілер болды, ал енді олардың қатарына скутер, электросамокат, мопед, велосипед жүргізетіндер қосылды. Олардың статусы заңда нақты белгіленбеген. Еліміздің ірі қалаларында мотоциклден бөлек жолдың қос дөңгелекті қозғалыс құралдары көп. Әсіресе күрделі қызметтер осындай көлік түрлерін көп пайдаланады. Қазіргі уақытта электросамокат, мопед жүргізушілер де елді мекендерге келіп жетті. Скутер, электросамокат пен мопедтегілердің жауу жүргіншілер жолымен де, автокөлік жолдарымен де жүре беретінін тұрғындар жақсы біледі. Мұндай құралдарды басқаратындардың басым бөлігі жасөспірімдер. Ал дәл осы қозғалыс қатысушыларымен жол көлік оқиғасы орын алған жағдайда оларды қандай жауапкершілікке тарту керек екені өлі белгіленбеген. Электросамокат пен мопедтегілерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық болған жағдайда жасөспірімнің жас ерекшеліктеріне қарай Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылуы қажет, – деді А.Мизанбаев.

Қатысушылар арасында электросамокат және мопедтер арқылы жасалатын құқық бұзушылықтарға қатысты сұрақтар қойылып, пікір алмасты.

Расында қалалық жерлерде көп жүретін бұл құралдар қазіргі таңда ауданда да көптеп таралуда. Бұл жайында заңда нақты белгіленбегендіктен мектеп жасындағы оқушылар да айдап жүр. Алайда бұл құралдар адам өміріне қауіпті болғандықтан, белгілі бір жас ерекшелігін бөліп, қауіп-қатердің алдын алған дұрыс секілді.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

## Түйенің обасы

Оба (чума) – түйенің өте қауіпті, жіті түрде өршітін жұқпалы індеті. Ауруға шалдыққан түйенің өкпесі қабынады және түрлі органдар мен ұлпаларға қан құйылады. Қоздырғышы бактерияның пестис тобына жататын – версиния пастерелла.

Оба адамға да өте қауіпті. Обамен 300-ден астам түрлі кеміргіш ауырып, жайылым шөбін ластайды. Әсіресе осы аурумен ауыратын бұрға және кене шаққанда мал кеселге шалдығады. Бүргелерде оба ауруының қоздырғышы 1 жыл бойы өсіп-жетіліп, сақталады. Обадан жазылған мал осы ауруға қарсы тұру қабілетін 6 айға ейдін сақтайды.

Табиғи жағдайда індеттің жасырын өршу кезеңі 3-10 күнге созылады. Ауру жіті, жітілеу және созылмалы түрде өтеді. Түйенің бұрға шаққан жері 2-3 күннен соң ісініп, дене қызуы 41,5 градусқа дейін көтеріліп, жүні жығылып, ас-судан қалып, қасындағыларға ере алмай қалады, күйсі қайтармайды. Буаз інгендер іш тастайды. Өкпе зақымдалса, тыныс алуы жиілейді, жөтелді, мұрынынан сұйықтық ағады. Жүректің соғу ырғағы бұзылып, тамыр соғуы жиілейді. Ауру түйенің іші өтіп, тез арқытайды. Аурудың жіті түрінде түйе 2-3 күнде өледі. Ал созылмалы түрінде малдың жағдайы жақсарып, бірте-бірте жазылып кетеді. Жазылған түйелерде берік иммунитет пайда болады.

Ауру эпизоотологиялық, эпидемиологиялық, сыртқы белгілері және сойғанда ішкі ағзалардағы өзгерістер ескеріліп, бактериологиялық зерттеудің негізінде анықталады. Обаның өмі жоқ. Аурудың алдын алу үшін ветеринариялық-санитариялық шараларын жүзеге асырып, кеміргіштерге қарсы күрес жүргізеді. Ауру шыққан пунктке шектеу қойылып, барлық түйелер тірі вакцинамен егіледі. Обамен ауырған және сол аурудан күдігі бар мал дереу оқшауланды немесе сойып тасталады. Өлген малдың өлекесін терісін сыпырмай ертеп жіберу керек. Қоражай мен аулалар тазартылып, лизолдың немесе күйдіргіш натрдың 5 пайыздық ертіндісімен, хлорлы өктің 20 пайыздық ертіндісімен, формальдегидтің 1 пайыздық ертіндісімен залалсыздандырылады. Түйелер аптасына кемінде бір рет кенеге қарсы егіледі. Оба ауруы тараған аймақта түйе сүтін тек қайнатып қана ішуге болатынын ескертетімін.

**У.ҚУЛАНБАЕВ,**  
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясының басшысы

## Ұлттық құндылықтар дәріптелді



Әр ұлттың қай кезеңде болсын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы – өзінің ізін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ата-ана – баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Балалардың болашағы, олардың өмірден татар несібесі мен еншісінің үлес салмағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, берген тәлім-тәрбиесіне байланысты. Осы орайда кеше аудандық аналар кеңесінің «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» тақырыбында жастармен кездесуі өтті.

«Отан отбасынан басталады» десек, отбасының тілегі де, жүрегі де – ата-ана. Бала тәрбиесіне қашан да ұлт тәрбиесі деп қараған дана халқымыз ұрпағын дүниеге әкеліп, бағып-қағып, жүрегінің жылуын ардақтай білген аналарды аялай білген. Қазіргі жастарға, әсіресе қыз балаларға қазақы болмысын жоғалтпай, ұлттық тәлім-тәрбие беретін қазақ қызына тән асыл қасиеттерді бойына сіңіретін келелі кездесуге түрлі салаларда елеулі еңбек еткен зейнеткер аналарымыз, «Алтын» және «Күміс» алқа иелері мен ауыл жастары қатысты.

Әйел ерқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді, солай болып қалмақ. Шығыс даналығында «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген керемет сөз бар. Шарада әр ауылдық округтің аналар кеңесінің тәрбиімдары мен қыз-келіншектері өздерінің ұлттық қолөнер шеберліктерін, қазақтың салт-дәстүрі мен ырым-жоралғысын көрсетіп, пікір алмасып, озығын еспеттеп, тозығын жаңғыртуға ат салысты. Басқосуда отбасылық құндылықтар көңінен талқыланып, әке мен ананың отбасындағы маңызды ролі, сыйластығы, ұл мен қыз бала тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері, өне мен келіннің ауызбіршілігі, ағайын-туыс ынтымағы туралы тағылымды әңгімелер қозғалды. Шараға қатысушы батыр аналарымыз өз кезегінде өмірлік тәжірибесімен бөлі-

сіп, түйген құнды ойын жеткізіп, жастарға болашақта рухани азық болатын кеңес берді. Аудандық аналар кеңесінің тәрбиімдары Айқын Жақсылықова бүгінгі таңда гасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені қайта жаңғырту, озық, өнегелі дәстүрді, адамгершілік қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда жүргізіліп жатқан игі шаралардың маңыздылығына тоқталды. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі, ұлттымыздың болашағы тәрбиелі ұрпақ қолында» десек, әрбір жас баланы тәртіпті, кішіпейіл білімді, шебер, еңбек-қор, келешекте Отанымызды қорғай алатын азамат болып өсуіне ықпал жасауымыз қажет. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихың, тегің салт-дәстүрің, тілің, білімің, адами қасиетің мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам

қажеттілігі. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететіндіктен, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деп Мағжан Жұмабаев ерекше атап айтқан болатын. Шаньрақты ер көтергенмен үйді тігетін әйел» дейді. Отбасының, яғни елдің де берекесі мен баянды бірлігің, тату-тәтті тірлігің, жарасты ынтымағың сақтаушы аналар қауымына алғысым шексіз, – деді Айқын Бектақсызы.

Ол шара барысында батыр аналарды аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтың арнайы алғыс хатпен марапаттап, сый-құрмет көрсетті. Кездесу аналар үшін тек ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың дәріп-телуімен ғана емес, аға буын мен жастар арасындағы сабақтастыққа, рухани бірлікке жол салуымен, парасат пен ізгіліктің салтанатымен ерекше әсерге толы болды.

Ақтоғы БҮРКІТБАЙ  
Махамбет Ахметов (сурет)

### Фестиваль

Кеше аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде «Аманат» партиясының ұйымдастыруымен Сыр бойы жыраулық дәстүрінің көрнекті өкілі, жампоз жырау Қытарбек Рахметовтың есімін ұлықтауға арналған «Сағымнан сарын оздырған» атты облыстық жыршы-термешілер фестивалі өтті. Сыр өңірінің өнері мен мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосқан ардақты азамат Қытарбек Рахметовты еске алуға арналған шараға аудандық және ауылдық білім ошақтарының ардагер ұстаздары мен жыраудың туған-туыстары, замандас достары қатысты.

## Сағымнан сарын оздырған



Сыр елі – фольклорлық, этнографиялық, этникалық тұтастығын жоймаған атадан балаға мирас етіп үлгі-өнегені ұстанған қасиетті өлке. Дауыстың қуаты, жырдың екпіні, мақамның өткірі адамды бейжай қалдырмайды, тұнып тұрған тәлім-тәрбие.

Фестивальдің мақсаты – «Аманат» партиясының «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында ұлттық өнердің мәйегі болып табылатын жыр және терме жанрын дамытып, жыр өнеріне еңбек сіңіріп, тер төккен тұлғаға құрмет көрсету. Көне дәуірдің күмбірі арқылы халықтың рухани сауаттылығын арттыру, жастар арасында киелі өнерді дәріптеу болып табылады.

Жыраулық дәстүр – төл әдебиетіміздің бастау бұлағы. Адамдардың дүниеге көзқарасы, эстетикалық талап-талғамы және рухани қажеттілігі өзгеріп отырған бүгінде тыңдарман қауымының да жырға деген ынты-назары жаңашылдыққа бетбұрып, жаңа дәуір талабына үйлесетін ескі сурлеулерді қажет ете бастады. Бұл біріншіден, дәуір талабының сөзсіз қажеттілігі болса, екіншіден, қазақ жыршының киелі шаңырағы Сыр бойы жыраулық дәстүрінің өміршеңдігінің айғағы екені анық.

Қазақ ұлтының қанына сіңген жыр дәстүрін жеткізген жыршы-жырауларымыздың руханиятымыздағы орны ерекше. Осынау тау тұлғаларымыздың бірі – Қытарбек Рахметов. Ол Жалағаш ауданы бұрынғы Жамбыл атындағы колхозда дүниеге келіп, жастайынан белгілі жырау, айтыскер ақын Әбділде Жүргенбаевтың соңынан еріп, жыраулық өнердің қыр-сырын меңгерді. Қазалы ауыл шаруашылығы училищесіне оқуға түсіп, кейін отбасылық жағдайына байланысты колхозда түрлі жұмыстар атқарды. Қолына түскен қисса-дастандарды жаттап, жыын-тойларда, үлкен мерекелерде халықтың көзіне түсті.

Оның бір ерекшелігі, есте сақтау қабілеті өте жоғары еді. Кез келген 20-30 шумақ өлеңді 2-3 рет оқып, қайталап айтып беретін. Бас аяғы 4-5 жылдың ішінде «Сары жырау» атанып, елгетаныла бастады. ОныңжырқоржынындаИсаБайзақовтың «Құралай сұлу», Сәбит Мұқановтың «Сұлшұша», бұдан бөлек «Көрғылы», «Шәкір-Шәкірат» сынды тағы басқа көлемді дүниелер бар. Асқар Токмағанбетовтың шымшымаларын, Қуаныш Баймағанбетовтың толғау-термелерін нақышына келтіріп орындайтын. Сары жырау орындауындағы бес-алты терме-толғау белгілі фольклортанушы Берік Жүсіповтың 2007 жылы құрастырған «Сыр сүлейін сұрасан» атты музыкалық онтологиясына енгізілді. Сауда саласында, білім саласында, яғни Мәдениет ауылындағы №2 музыка мектебінде жырау класында сабақ беріп, еңбек еткен Сары жырау 2009 жылы дүниеден өтті.

«Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева шараның маңыздылығына тоқталып, жампоз жыраудың өмір жолы ескеңез ұрпаққа өнеге болатынын тілге тиек етті.

«Өнерлі» ел өлмейді дейді халық даналығы. Жердің нәрі су болса, елдің нәрі – өнер. Өнер халықпен бірге туып, бірге жасайтын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін асыл мұра десек, сол асыл мұраны ұлтымыздың ұлық өнері деп дәріптеген дарабоз жыраудың бірі Қытарбек ағамыз болатын. Ол кісі Мәдениет ауылында ашылған музыка класында шәкірттерге дәріс беріп, қаншама таланттың көзін ашып, алдына келген 12 оқушыны жыраулық жолға салды. Бүгінгі шараға сол шәкірттерінің ішінен Сары ағамыздың ізін жалғап Сары Рахымбетовтың шәкірті деген атаумен Ботакөз Раушанбекқызы сонау Жаңақорғаннан өзінің шәкіртің ертіп келіп отыр. Қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Қаншағұл Шоңмұрынқызы.

Жыр додасын белгілі жырау, ҚР Мәдениет қайраткері Берік Саймағанбетов жүргізіп, Сары ағамыздың үні мен дауысы қалған ұнтасының тұсауын кесті. Көмейінен төгілген қоныр дауысымен, қазақы үнімен тыңдарманның құлақ құрышын қандырып, жыылған жұрттың жан сарайын жадырған әр ауданнан келген 8 жыршы-термеші І кезең бойынша өнер көрсетіп, көптің көңілінен шықты. Қатысушылар І кезеңде Қытарбек Рахметовке арнауын орындаса, ІІ кезеңде жыраудың орындаған шығарма дастанынан үзінді орындап шықты.

Шара соңында қатысушыларға арнайы қазақтың ұлттық аспабы домбыра мен «Аманат» партиясының «Ұлы мұрат – ұлт мұрасы» атты бағалы сыйлығы табысталды. Сондай-ақ облыстық жыршы-термешілердің фестиваліне арнайы шақырылған жыршы-қонақтар мен қатысушыларға шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқаны үшін «Аманат» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйле Төрешованың арнайы алғыс хаты табысталды.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ  
Махамбет Ахметов (сурет)



### Үйірме

## Шағын залда шымырлар шыңдалады



Қазір бұрынғыдай емес, ауданға қарасты барлық ауылдық елді мекенде кемінде 1 спорттық үйірме жұмыс жасайды. Нәтиже де жоқ емес, бүгінде үлкен додаларда топ жарып жүрген балалардың басым бөлігі сол үйірмелерде жаттығып, салаға алғаш қадам басқандар. Бір жағынан ауыл балаларының бос уақытын тиімді пайдалануға да мүмкіндік туып отыр.

Жуырда Еңбек ауылдық округіне жолымыз түсті. Көне нысаннан көптеген оқушының шығып жатқанын байқап, аялдауды жөн көрдік. Басқақ, бұл балаларды спортқа баулитын бокс үйірмесі екен. Сыртынан қараған жағға көне нысан ауылдан көшіп кеткен біреудің қарасуы үйі сияқты. Бірақ үйірме жетекшісімен тілдескенімізде елді мекендегі шағын залда шымырлардың шыңдалып жатқанын байқадық.

Руслан Ысқақ 7 жылдай бокспен айналысып, республикалық, халықаралық додаларда топ жарған. Тіпті кезінде 66-69 келі салмақта аймақта қарсылас шақ келтірмеген. Спорт шеберлігіне үміткер өзі секілді тәжірибелі балғары қолғап шеберлерін шыңдауға саналы ғұмырын сарп етуді көздеп, бүгінде бапкер болып ауыл балаларын боксқа баулып жүр.

Бокс спорттың ең күрделі һәм қауіпті саласы десе де болады, рас, дзюдо, қазақ күресі, футбол, футбол, баскетбол, волейболдың да өз қиыншылықтары бар, алайда аяқасты оқыс қимыл жасамасаң, оғын тап болмасың анық. Ал бокс ше, онда деп тиген бір соққыдан кейде майып болып жатқандарды да көріп жатырмыз. Міне, осы тұрғыда балғары қолғап шеберлерін дайындайтын бапкерлерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Кез келген адамның салаға қадам баспайтыны да сондықтан. Русланмен тілдескенімізде жас та болса білікті бапкер екеніне көзіміз жетті. 3 жылдан бері балаларды спортқа

баулып жүрген кейіпкеріміз Еңбектегі шағын залда бастапқыда 3 топпен жұмыс жасағанын айтады. Әдепкіде үйірме құрамында 42 бала болыпты. Кейін 1 топ қысқарып, қазір мұнда 39 бала жаттығып жатыр.

Білікті бапкер үйірмеге оқушыларды 10-12 жастан бастап қабылдайды. Мұнда 18 жасқа дейінгі балалардың жаттығуына барлық жағдай жасалған. Руслан балаларды келе сала шаршы алаңда шыңдап, оларды алдымен бокстың түрлі айла-тәсілдеріне баулиды. Ауыл тұрғындары да кейіпкеріміздің жұмысын жоғары бағалап отыр. Бір жағынан жергілікті халық мұндай үйірмелер балалардың бос уақытын тиімді пайдалануда таптырмас мүмкіндік дейді.

– Бұрын ауылда үйірме жоқ кезде балаларымыздың бос уақыты телефонмен өтетін. Ал спортпен жастайынан айналысқан баланың денсаулығы да мықты болатынын жақсы білеміз. Алайда балаларды оған баулитын ауылда үйірмелер жоқ еді. Қазір ше, ауылда бокс үйірмесінің жұмыс жасап тұрғанына 3 жылдай болды. Бапкер ініміздің де жұмысын жоғары бағалаймын. Менің балам да осы үйірмеде жаттығып жатыр. Нәтиже де жоқ емес, бүгінде дейін аудандық облыстық және республикалық жарыстарда жүлделі орындардан бой көрсетіп жүр. Мұның барлығы спортқа мемлекеттің жасаған қолдауының арқасы. Біздің кезімізде мұндай үйірмелер мүлде

болған жоқ. Ауыл балалары көше бойында жүргүзді спортпен шұғылданды деп түсінетін едік. Тіпті біз ойнайтын ашық алаңдар да болған жоқ. Қазір мүлде басқа, осындай үйірмелердің арқасында ауылдан шыққан таланттар тасада қалмайды. Себебі ондай олқылыққа жас та болса Руслан секілді білікті бапкерлер жол бермейді, – дейді ата-ана Ажарқұл Баймаханова.

Осы үйірмеден жаттығып жатқан балалардың алды 3 жылда түрлі додаларда топ жарған. Мәселен, Нұрдаулет Жанатұлы республикалық турнирде үшінші орын алып, спорт шеберіне үміткер атанды. Ал Ерхан Молдағали Қармақшы ауданында өткен республикалық турнирде үшінші орын алса, дәл осы долада Нұрдаулет Жанатұлы күміс медальға қол жеткізді. Қазір білікті бапкердің дәріптеуі додаларда топ жарған басқа да шәкірттерін тізе берсек, өз алдына бір еңбекке жүк болары анық. Міне, шалғай ауылдағы шағын залдан шыңдалған балалардың осындай жетістігі бар.

– Шәкірті жарыстарда топ жарып жатса, оған қуанбайтын ұстаз жоқ, біз де сол сияқтымыз. Балаларымыз кішкентай жетістікке жетсе, қуанып қаламыз. Бірақ оған төкпейісуден аулақпын. Керісінше олардың талабын әлі де шыңдауға басымдық беремін. Нәтижесі де жоқ емес, балаларымыз алды республикалық турнирлерде топ жарып жүр. Алда үлкен жарыстар күтіп тұр. Оларға да

менің балаларым қатысады. Қазір соған дайындық үстіндеміз. Үйірме мүшелерін келе сала бірден шаршы алаңда жекпе-жекке шығару үлкен қателік деп есептеймін. Біз ең алдымен балаларды аяққа еркін тұруды, секіруді үйретеміз. Сөз қыздырынып, әрі қарай бірнеше күн жаттығуды жалғастырады. Тұлпардың да алдымен қыздырынып алғаннан кейін тынысы ашылады ғой, балалар да сол секілді, ең алдымен түрлі айла-тәсілді меңгеріп алғаннан кейін жекпе-жекте нәтиже көрсетеді. Бұған өзіміздің 7 жылдық тәжірибемде көз жеткіздім, – дейді Руслан Ысқақ.

Айта көтейік, Еңбек ауылдық округіндегі бокс үйірмесінде үлкен топтағы балалар 6 күн жаттығып, білікті бапкерден тәлім алады. Ал кіші топтар аптасына 3 күн жаттығыпты. Оларды Руслан Ысқақ күніне 1,5 сағат спортқа баулиды.

Ие, шағын ғана залда үйірме жұмысы ширақ, бүгінгі сапарымызда осыған көзіміз жетті. Бокспен айналыспақ та спорттың бұл түріне қызығушылық басым. Сондықтан ба, жаттығу кезінде балалардың спорттың бұл түрінің түрлі айла-тәсілін еркін меңгергені байқалып тұр. Расында таланттың бұл ауылда. Бұл сөз бекер айтылған жоқ. Ал сол балалардың бойындағы кішкентай қызығушылықты әрі қарай дамытуда Руслан жүйелі жұмыс жасап жатыр. Бүгін республикалық турнирде шәкірттері топ жарса, олардың алдағы уақытта халықаралық, әлемдік бәсекелерде жеңіс тұғырынан көрініп, көк туымызды биіктен желбіретпесіне кім келіп. Міне, білікті бапкердің бүгінгі жұмысын осындай жетістікке жасаған алғашқы қадамы деп түйдік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміресе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1671

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық

“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal\_jarsh@mail.ru